

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 885 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 3-бап мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2)-тармақшалармен толықтырылсын:

"(6-1) сотталғандардың түзелуін ұйымдастыру;

6-2) жаза атқару мекемелерінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;" .

2. 5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасының бесінші абзацында және 2) тармақшасында "қылмыстық-атқару жүйесінің" деген сөздерден кейін "(пенитенциарлық жүйенің)" деген сөздермен толықтырылсын.

3 . 1 0 - б а п т а :

тақырыпта "қылмыстық-атқару" деген сөздерден кейін "пенитенциарлық" деген сөзбен толықтырылсын ;

"мекемелер мен органдардың" деген сөздер "мемлекеттік органдар мен арнайы мекемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Қылмыстық-атқару жүйесінің өз туы мен нышаны болады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің туы мен нышанының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді."

4. 11-бапта тақырып пен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің (пенитенциарлық жүйенің)

қ ұ р ы л ы м ы

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің (пенитенциарлық жүйенің) құрылымын:

1) уәкілетті орган (орталық атқарушы органның ведомствосы);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары;

3) қылмыстық жаза атқаратын мекемелер мен органдар:

қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органының қылмыстық-атқару инспекциялары;

т ү з е у м е к е м е л е р і ;

4) ғылыми зерттеу, емдеу-профилактика ұйымдары мен білім беру ұйымдары;

5) қылмыстық-атқару жүйесі саласында өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталғандарды еңбекке тартуға арналған ұйымдар және олардың құрылымдық б ө л і м ш е л е р і ;

6) оңалту орталықтары - мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды босатылғаннан кейін алты ай ішінде еңбекке және тұрмыстық орналастыруда құқықтық және психологиялық жәрдем көрсетуге арналған қылмыстық-атқару жүйесінің ұ й ы м д а р ы қ ұ р а й д ы . "

5. 12-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақшамен толықтырылсын:

"4. Жергілікті атқарушы органдар қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқару, қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік бейімдеудегі көмекті ұйымдастыру жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіру мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құрады.

Консультативтік-кеңесші органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Үлгі ережемен реттеледі."

6. мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

"12-1-бап. Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қ о ғ а м д ы қ б а қ ы л а у

1. Қоғамдық ұйымдар, діни бірлестіктер және жеке тұлғалар сотталғандарды түзеу және оларды әлеуметтік оңалту бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қ ы з м е т і н е қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Қоғамдық ұйымдардың, діни бірлестіктердің және жеке тұлғалардың қатысуы ата-аналар комитеттерін, қамқоршылық кеңестер, бақылау комиссияларын құру нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге н ы с а н д а р д а жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Қоғамдық ұйымдар мен діни бірлестіктердің қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне қатысу нысандарының бірі қоғамдық бақылау болып табылады, оның міндеттеріне сотталғандарға олардың Конституцияда, халықаралық шарттарда, заңдарда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда жәрдем

к ө р с е т у б о л ы п т а б ы л а д ы " .

7. 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Қылмыстық жаза атқару саласында әділет органдарының
ф у н к ц и я л а р ы

Қылмыстық жаза атқару саласында әділет органдары мынадай функцияларды
ж ү з е г е а с ы р а д ы :

1) соттардың сотталғандарға қатысты үкімдерін, қаулылары мен ұйғарымдарын орындау, қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде заңнамада белгіленген жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын орындауды қамтамасыз ету;

2) сотталғандарды қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелеріне соттардың үкімдеріне, қаулыларына және ұйғарымдарына сәйкес орналастыруды ұйымдастыру;

3) сотталғандарға түзету ықпалын, соның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданып жүзеге асыруды ұйымдастыру;

4) сотталғандардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;

5) қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерін күзету, сотталғандар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелеріндегі жедел жағдайды бақылау; күзетпен айдап жүру;

6) сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, рақымшылық және кешірім жасау актілерін атқару, сотталғандардың түзелу нәтижелерін нығайту, оларды еңбекке орналастыру және тұрмысын жайғастыру жөнінде қылмыстық жазаларды атқару мекемелері мен органдарының басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

7) заңнамада белгіленген жағдайларда жедел іздестіру қызметін және анықтауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

8) сотталғандардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастыру;

9) сотталғандардың санитариялық-эпидемиологиялық саулығын және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

10) қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

11) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту мен жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

12) жұртшылықты және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне т а р т у ;

13) қызметкерлердің кәсіби дайындығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

14) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық жаза атқару саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіру." .

10), 11), 13)-тармақшалары алынып тасталсын;
12)-тармақшада "анықтауды жүзеге асыруға," деген сөздер алынып тасталсын.

9. Мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің
міндеттері мен құқықтары

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері олардың алдына қойылған
міндеттерге сәйкес:

1) сотталғандардың және мекеме аумағында, сондай-ақ оған іргелес аумақта тұратын азаматтардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

2) сотталғандардан Қазақстан Республикасының заңнамасында және сот үкімінде оларға жүктелген міндеттерді орындауын талап етуге;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен сотталғандарды тіркеуді, сондай-ақ олардың дактилоскопиялануын, суретке түсуін, бейнеге түсуін, дыбыс жазбасын жүзеге асыруға ;

4) сотталғандарды жүргізілетін тәрбиелеу іс-шараларына міндетті түрде қатысуға
т а р т у ғ а ;

5) алкогольді ішімдіктерді, улы, есірткі және өзге де психотроптық құралдарды пайдалану фактілерін анықтау мақсатымен қолданыстағы заңнамаға сәйкес сотталғандарға куәландыру жүргізуге;

6) әкімшілік немесе қылмыстық заңнама қолдану әрекетіне жататын іс-әрекет жасайтын адамдарды мекемеге жапсарлас аумақта ұстауға және ішкі істер органдарына апаруға, олардың жеке басына тексеру жүргізуге;

7) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға;

8) қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде төтенше оқиға жағдайларына қызметтік тексеріс жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, мұндай жағдайлардың алдын-алу бойынша шара қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері:

1) сотталғанның жеке басының дербес-психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізуге және түзеу ықпалын, соның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістер қ о л д а н ы п ж а с а у ғ а ;

2) сотталғандарды түзеу мекемелерінің кәсіпорындарында немесе басқа да ұйымдарда, еңбекке, сондай-ақ заңнамаға сәйкес еңбекке ақы төлемей, жұмыстарға т а р т у ғ а ;

3) режимдік талаптар белгіленген мекемелер аумағында және оған іргелес аумақта тұрған адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына қарауды жүргізуге, азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тыйым салған заттар мен қ ұ ж а т т а р д ы а л у ғ а ;

4) көлік қозғалысын уақытша шектеуге және тоқтатуға, айрықша жағдайлар

режимін енгізу кезінде азаматтарды мекеме аумағына, сондай-ақ оған жапсарлас аумаққа жібермеуге немесе оларды қалуға не ол жерден кетуге міндеттеуге;

5) қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған адамдардың тұрағылықты жері мен жұмыс орны бойынша байқау мен бақылау жасау мақсатында олар тұратын үй-жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, кез-келген меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және өзге де жайларға кіруге;

б) есепте тұрған адамдарды қылмыстық-атқару инспекциясына әкелуді жүзеге асыруға ;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жария ету және қашып шыққан сотталғандарды іздеу үшін мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға;

8) заңнамамен белгіленген жағдайларда және тәртіпте анықтауды жүзеге асыруға;

9) жаза атқаруға байланысты мәселелерді шешу үшін соттарға, прокуратураға, жергілікті атқарушы органдарға өтініш беруге құқылы.".

10. 25-бапта "органдарының, мекемелері мен өзге де ұйымдарының және анықтау қызметінің заң актілеріне сәйкес өзге құқықтық мәртебесі бар" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"министрлігінің" деген сөзден кейін "белгіленген тәртіппен арнайы атақтар берілген " деген сөздермен толықтырылсын ;

11. Мынадай мазмұндағы 25-1, 25-2, 25-3, 25-4-баптармен толықтырылсын:

"25-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері
Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы атақтар берілген пенитенциарлық қызметті өткеретін қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері ;

2) "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылатын мемлекеттік қызметшілер;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен және органдарымен еңбек қатынасында тұратын, жеке еңбек шарты бойынша жұмыс атқаратын қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін құрайды.

25-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке қабылдау

1. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке жасы он сегізден кем емес, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімі, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының а з а м а т т а р ы қ а б ы л д а н а д ы .

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемесіне оқуға орта білімі бар, денсаулық жағдайы бойынша қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет өткеруге жарамды адамдар қабылданады. Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемесінің күндізгі бөлімдеріндегі оқу уақыты әскери қызмет өткеруге теңестіріледі. Бұл ретте, қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемесіне оқуға түскен адамдармен шарт

жасалады, онда білім беру мекемесін бітіргеннен кейін пенитенциарлық қызметті одан әрі өткеру шарттары мен мерзімдері көзделеді.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және кіші басшы құрамдағы лауазымдарына - отыз екі жастан аспаған, орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарына - қырық жастан аспаған адамдар қабылданады. Ерекше жағдайларда осы жас шегі Әділет министрінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарына тағайындалған немесе кадрларына қабылданған әскери міндеттілер, қылмыстық-атқару жүйесі оқу орындарының тыңдаушыларын қоса алғанда белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және қылмыстық-атқару жүйесінің арнайы есебінде тұрады.

5. Пенитенциарлық қызметке алғаш түскен адамдар міндетті тәртіппен бастапқы арнайы оқудан және тағлымдамадан өтеді, олар үшін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімінен және тағлымдамадан өту тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган б е л г і л е й д і .

6. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке қабылданған азаматтар мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ант қабылдайды.

7. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз, бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтауға болмайтын негіздемелер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен босатылған а д а м д а р қ а б ы л д а н б а й д ы .

25-3-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметтің шекті жасы

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері заңдарда белгіленген әскери қызметте болу жасының шегіне дейін қызметте бола алады. Қажет болған жағдайларда қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерінің жекелеген санаттарына қызмет мерзімі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің шешімімен ұзартылуы мүмкін.

2. Қызметін ұзарту қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерін осы Заңда және Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет өткеруі туралы ережеде көзделген негіздемелер бойынша жұмыстан шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

25-4-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметтен шығару

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері:

1) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) немесе әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;

2) әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысы (қаулысы) негізінде - денсаулық жағдайы бойынша;

3) штаттың қысқаруына немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының қайта құрылуына байланысты басқа лауазымды пайдалану мүмкіндігі

б о л м а ғ а н

жа ғ д а й д а ;

4) ө з і н і ң қ а л а у ы б о й ы н ш а ;

5) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

6) аттестация қорытындылары бойынша анықталған қызметке сай келмеуі бойынша ;

7) қызмет тәртібін ұдайы бұзғандығы үшін;

8) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері атағына нұқсан келтіретін теріс қылық ж а с а ғ а н ы ү ш і н ;

9) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне немесе ақталмайтын негіздемелер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуына;

10) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты негіздемелермен шығарылады."

12. 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық жүйе) қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің заңды талаптары лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің заңды талаптарын орындамау, қорлау, қарсылық көрсету, күшпен қорқыту немесе оның қызметтік борышын орындауына байланысты өзінің, отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және мүлкіне қол сұғу заңда белгіленген жауаптылыққа ә к е п с о ғ а д ы .

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін қызметке қабылдау, қызмет өткеру мен қызметтен шығару тәртібі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережемен реттеледі.

5. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне олардың жеке басы мен өкілеттіктерін растау үшін белгіленген үлгідегі куәліктер мен жетондар беріледі.

6. Пенитенциарлық қызметтің қызметкері сіңірген еңбегін тану белгісі ретінде, жемісті еңбек қызметі мен ерлігі үшін мемлекеттік наградаларға ұсынылуы мүмкін.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері қол жеткізген жетістіктері үшін ведомстволық наградалармен марапатталуы мүмкін. Қылмыстық-атқару жүйесінің ведомстволық наградаларының сипаттамасы және оларды беру тәртібі нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді."

13. Мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Адамның қылмыстық-атқару жүйесінде қызметте болуына б а й л а н ы с т ы ш е к т е у л е р

1. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандатпен, өзге де ақы төленетін қызметті атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен с ы й ы с п а й д ы .

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға тыйым салынады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері қандай да болсын саяси партияда тұруға және оны жақтауға тиіс емес.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкері кәсіптік тапсырмаларды орындау барысында оған белгілі болған жеке өмір, отбасы және жеке құпиялар немесе заңмен қорғалатын коммерциялық, банкілік немесе одан да басқа құпиялар туралы мәліметтерді пайдалануға, таратуға құқығы жоқ."

14. 27-баптың тақырыбында "қызметкерлерінің" деген сөздің қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

15. 27-баптың 1-тармағында:

"мен анықтау" деген сөз алынып тасталсын;

"қызметкерлеріне" деген сөздің қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

16. 28-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жүктеме нормативтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

17. Мынадай мазмұндағы 28-1, 28-2-баптармен толықтырылсын:

"28-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей қамтамасыз е т у

1. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесінің негізінде белгіленеді және қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің ақшалай қаражаты лауазымдық жалақыдан және арнаулы атағы үшін төленетін қосымша ақыдан тұрады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері нысанды киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі, олардың үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

28-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың айрықша жағдайлары

1. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың айрықша жағдайлары деп төтенше немесе әскери жағдай режимі енгізілген, сотталғанның қашуы, адамдарды кепілдікке алуы, жаппай тәртіпсіздік, топтасып бағынбау не осылардың туындау қаупі кезінде мекеме қызметкерлерінің оларды жою үшін қажетті мерзімдегі жұмысы т ү с і н і л е д і .

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызмет атқарудың айрықша жағдайларындағы жұмысы үш айдан аспауы керек және демалыс күндерімен өтеледі. Қызметкерлерді пенитенциарлық қызметтің айрықша жағдайларында қызмет атқару жұмысына тартудың тәртібі мен шекті ұзақтығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді."

18. Мынадай мазмұндағы 29-1, 29-2, 29-3, 29-4, 29-5-баптармен толықтырылсын:

"29-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің
д е м а л ы с т а р ы

1. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне демалысын өткізу орнына бару және қайту жолына кететін уақыты есептелмей, ұзақтығы отыз тәулік демалыс, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де демалыстар беріледі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қосымша ақылы демалыс еңбек сіңірген жылдарына қарай (күнтізбемен есептегенде):

- 1) он жылдан артық еңбек сіңіргендерге - ұзақтығы бес тәулік;
- 2) он бес жылдан артық еңбек сіңіргендерге - ұзақтығы он тәулік;
- 3) жиырма жылдан артық еңбек сіңіргендерге - ұзақтығы он бес тәулік мерзімге б е р і л е д і .

3. Биік таулы мекендерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне, еңбек сіңірген жылдарына қарамастан ұзақтығы қырық бес тәулік кезекті демалыс беріледі.

29-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері қаза тапқан
(қайтыс болған) немесе мертліккен жағдайда берілетін
к е п і л д і к т е р

1. Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде жарақат алған кезінде қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Бір жолғы өтемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

3. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алынған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражат

мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), зақымдануы, науқастануы салдарынан болған мүгедектігі анықталған кезде, оларға:

1) I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражат;

2) II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражат;

3) III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

5. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын ауыр зақым (жарақат, жаралану, контузия) алған жағдайда оларға бір жарым айлық ақшалай қаражат мөлшерінде, жеңіл зақым алған немесе науқастанған жағдайда жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

6. Бір жолғы өтемақы, егер белгіленген тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қазасы (өлімі) жаралануы (мертігуі), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындауға қатысы жоқ мән-жайларға байланысты болғаны дәлелденсе, төленбейді.

29-3-бап. Жерлеу шығындарын өтеу

Қылмыстық-атқару жүйесінің қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақшалай табысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

29-4-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқықтары

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен бірінші кезекте қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінде он күнтізбелік жылдан артық қызметте тұрған қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік болып теңестірілген өздері тұратын тұрғын үйді жеке меншікке ала алады.

3. Пенитенциарлық қызметтің қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің қайтыс болған қызметкерінің отбасы басқа тұрғын үй ұсынылмай, қызметтік тұрғын үйі немесе қызметке теңестірілген тұрғын үйінен шығарылмайды.

4. Пенитенциарлық қызметтің қызметкерлері мен зейнеткерлері тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік кәсіпорнының тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз етілуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша тұрғын үй қорының тиесілігіне қарамастан коммуналдық қызмет көрсетулері үшін (орталықтандырылған жылыту, салқын және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау,

газбен жабдықтау) республикалық бюджетте тиісті жылға белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

29-5-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен зейнеткерлерін және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары

1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарындағы қызметті жүзеге асыратын, алыс жерлерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз орындарда орналасқан қызметкерге әскери қызметшілер үшін заңнамамен белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар беріледі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің туберкулез және басқа да мамандандырылған учаскелері мен мекемелерінде қызмет атқаратын қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері медицина қызметкерлерінің осы санаттары үшін заңнамамен белгіленген жеңілдіктерді пайдаланады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің зейнеткерлері тиісті ішкі істер органдарының мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады. "

19. 30-баптың 2-тармағында:

"мен анықтау" деген сөз алынып тасталсын;

"қызметкерлерінің" деген сөздің қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

"атыс" деген сөздің алдынан "арнаулы құралдарды," деген сөздермен толықтырылсын.

20. 32-бап мынадай мазмұндағы 4, 5-тармақшалармен толықтырылсын:

"4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері арнаулы құралдар мен тәсілдер, қару қолдану арқылы зақым келтіргені үшін, егер олардың әрекеттері заңнамаға сәйкес жүзеге асырылса, жауаптылық көтермейді.

5. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қарумен, оқ-дәрілерімен, әскери техникамен және арнаулы құралдармен қамтамасыз етіледі, олардың тізбесі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

21. 33-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сотталғандардың тауарлары мен қызмет көрсетулерін сатудан түскен қаражаттарды аудару және оларды мақсатты жұмсау үшін ақылы қызмет көрсетулер бойынша шоттары;

2) сотталғандардың жеке ақшаларын аудару және олардың пайдалануы үшін

д е п о з и т т і к

ш о т т а р ы ;

3) демеушілік және қайырымдылық көмек, соның ішінде халықаралық көмектер бойынша шоттары болады." .

22. Мынадай мазмұндағы 34-баппен толықтырылсын:

"34-бап. Қорытынды және өтпелі ережелер

Осы Заңның ережелері қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін күзету, сондай-ақ, оңалту орталықтарының қызметі бойынша міндеттерді орындау бөлігінде қажетті жағдай жасалуына қарай, бірақ 2006 жылдан кешіктірілмей қолданысқа енгізіледі."

2-бап. Осы Заң қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті